

# Халық жыршысы

«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ- не қарасты ауыл кітапханаларында жерлес ақын, жазушы Қайнекей Жармағанбетовтың туғанына 100-жылдығына арналған іс- шаралар өтті.

Қайнекей Жармағанбетов - ақын, жазушы, аудармашы. 1918 жылы Торғай облысының Шилі ауылында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданындағы Шилі ауылы) туған. 1941-1948 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нде нұсқаушы, Қазақстан ЛКЖО ОК-де хатшы, 1948-1958 ж. Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Біраз уақыт Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы, әдеби кеңесші және «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналының редакторы болды. 1958-1964 ж. «Ара-Шмель» сатира журналының редакторы болған. 1964-1974 жылдары шығармашылық жұмыспен айналысты.

Ең алғашқы жинағы «Заман біздікі» деген атпен 1950 жылы шықты. Қазақ әдебиетінде баллада жанрының қалыптасуына зор үлес қосқан, өлеңдері мен балладалары «Адам туралы аңыз», «Мұғалима туралы баллада», «Балладалар», «Соңғы күн», «Сырлы тал», «Шыңдағы шамшырақ» атты жинақтарына енген. Әнші Ә.Қашаубаев жайлы «Әнші азамат» повесін, А.М.Горький, С.Мұқанов, Ж.Жабаяев, М.Әуезов, Б.Майлин шығармашылығы туралы монографиялық еңбектер жазған. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Ф.Шиллер, А.Мицкевич, А.Барто, т.б. өлеңдерін, Б.Ершовтың «Тұлпартай, сұңқартай» ертегісін, И.С.Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын аударған. Үш рет «Құрмет белгісі» ор-



дені, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бес грамотасымен, «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Оның есімімен Жанкелдин ауданындағы орталық кітапхана және Торғай кентіндегі бір көше аталады. Шиліде мемориалдық мұражай, ескерткіш және кесенесі бар.

Қайнекей Жармағанбетовтың туғанына 100-жылдығына «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ- не қарасты Ашутасты ауыл кітапханасында ақынға арнап «Өмірге ғашық ақын» атты әдеби кеш және Қайыңды ауыл кітапханасында «Халқымыздың шоқтығы биік ақыны» атты тарихи сағат өткізді. Орталық кітапхананың оқу залында «Қайнекей халық жыршысы» атты кітап бенефисі өтіп, «Өмірге ғашық ақын» атты кітап көрмесіне шолу жасалды, көрмеге ақынның кітаптары, өлеңдері, балладалары, аудармалары, мерзімді басылымдардағы ол туралы мақалалар, фотосуреттер қойылды.

Сандуған  
СӘДУАҚАСОВА,  
Орталық кітапхана  
библиографы.